

Women in energy:

Driving power,
shaping progress



Демеушілік қолдауымен:
Sponsored by:



Бас демеуші
General Sponsor



Алтын демеуші
Gold Sponsor



Karachaganak
Алтын демеуші
Gold Sponsor

АСТАНА
2025
ASTANA



Мазмұны

Contents

- 04** Кіріспе
Introduction
- 08** Бағдарлама
Program
- 12** Сәлемдесу бөлімі
Welcome Session
- 38** Пленарлық сессия: «Women in Energy: Driving Power, Shaping Progress»
Plenary session «Women in energy: driving power, shaping progress»
- 76** Тақырыптық сессия: «Саладағы әйелдер: жұмысшы мамандықтан көшбасшылыққа дейін»
Thematic Session: «Women in the Industry – From Workforce to Leadership»
- 106** «KAZENERGY» қауымдастығының 20 жылдығына арналған салтанатты марапаттау рәсімі
Award Ceremony Dedicated to the 20th Anniversary of the “KAZENERGY” Association
- 120** Ұлы Абай және оның мәңгілік сөзі: ақынның 180 жылдығына арналған «Көзімнің қарасы» челленджі
The Great Abai and His Eternal Word: “Közimniñ qarasy” Challenge Commemorating the 180th Anniversary of the Poet’s Birth

Kіріспе

Introduction

2025 жылғы 2 қазанда Астана қаласында өткен KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының VII форумы энергетика саласындағы әйел көшбасшыларды, мемлекеттік органдардың, бизнес, ғылым және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін біріктіріп, әр салада әйелдердің орны мен тұрақты болашақты қалыптастырудағы рөлін талқылау үшін маңызды оқиға болды.

«Women in Energy: Driving Power, Shaping Progress» — «Энергетикадағы әйелдер: прогресті қалыптастыратын қозғаушы күш» ұранымен өткен форумда әйелдердің энергетикадағы трансформациялық үдерістерге, инновацияларды енгізуге және тұрақты даму менеджментіне қатысуының стратегиялық маңыздылығы атап өтілді. Әйелдердің кәсібилігі, ойлау икемділігі және ынтымақтастыққа бейімділігі ХХІ ғасыр сын-қатерлеріне бейімделуде маңызды факторға айналуда.

Форум биыл ерекше мәнге ие болды, себебі **2025 жыл Қазақстан Республикасы Президентімен Жұмысшы мамандықтары жылы деп жарияланды**. Бұл шешім қоғам мен бизнестің назарын кәсіби кадрлардың құндылығына,

The VII KAZENERGY Women's Energy Club Forum, held on **October 2, 2025, in Astana**, became a key event uniting women leaders in the energy sector, representatives of government bodies, business, academia, and civil society to discuss the role of women in shaping a sustainable future for the industry.

Under the theme **“Women in Energy: Driving Power, Shaping Progress”**, the forum highlighted the strategic importance of women's participation in the processes of energy transformation, innovation, and sustainable development management. Women's competence, flexibility of thinking, and collaborative mindset are becoming crucial factors for the successful adaptation of the industry to the challenges of the 21st century.

This year, the forum carried particular significance **as 2025 was declared the Year of Skilled Professions by the President of the Republic of Kazakhstan**. This initiative draws public and business attention to the value of professional expertise, practical skills, and engineering competence in driving economic growth. In this context, the participation of women in technical and industrial professions within the energy sector



ӘЙЕЛДЕРДІҢ КӘСІБИЛІГІ, ОЙЛАУ
ИКЕМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА
БЕЙІМДІЛІГІ ХХІ ҒАСЫР СЫН-
ҚАТЕРЛЕРІНЕ БЕЙІМДЕЛУДЕ МАҢЫЗДЫ
ФАКТОРҒА АЙНАЛУДА



WOMEN'S COMPETENCE, FLEXIBILITY OF THINKING,
AND COLLABORATIVE MINDSET ARE BECOMING
CRUCIAL FACTORS FOR THE SUCCESSFUL
ADAPTATION OF THE INDUSTRY TO THE CHALLENGES
OF THE 21ST CENTURY



Kіріспе / Introduction

практикалық дағдылар мен инженерлік-техникалық құзыреттіліктің экономикалық дамудағы рөліне аударды. Осы тұрғыда энергетика саласындағы әйелдердің жұмысшы және техникалық мамандықтардағы қатысуы стратегиялық маңызға ие – бұл тек жыныстық теңдік мәселесі ғана емес, кадрлық әлеует пен технологиялық ілгерілеудің маңызды ресурсы болып табылады.

KAZENERGY қауымдастығы энергетика саласында әйел көшбасшылығын ілгерілету

АЛ
ЖЕТЕКШІЛІК
ЛАУАЗЫМДАРДА
ОЛАРДЫҢ
ҮЛЕСІ ТЕК

19%
ЕКЕНІ КӨРСЕТІЛГЕН

күн тәртібін тұрақты түрде қолдап келеді. Қауымдастық салалық ұйымдар, компаниялар және серіктестердің күшін біріктіре отырып, пікір алмасу алаңдарын ұйымдастыруда. Қауымдастықтың бастамасымен ЕҚДБ-мен бірлесіп «Қазақстандағы энергетика секторындағы әйелдердің рөлі» атты салалық зерттеу жүргізілді. Онда әйелдердің энергетика секторы қызметкерлерінің 24 %-ын ғана құрайтыны, ал жетекшілік лауазымдарда олардың үлесі тек 19 % екені көрсетілген.

Зерттеу нәтижесінде салалық көшбасшылыққа әйелдердің көтерілуін тежейтін бірқатар факторлар анықталды: гендерлік стереотиптердің сақталуы, мансаптық өсу мүмкіндіктерінің шектеулілігі, техникалық және инженерлік бағыттарда әйелдердің аз қамтылуы, менторлық пен басқарушылық даму бағдарламаларына қолжетімділіктің төмендігі.

Қауымдастық әйел көшбасшылығын дамыту мақсатында мынадай шараларды іске асыруда:

gains strategic importance – not only as a matter of gender equality but also as a vital resource for workforce development and technological progress.

The KAZENERGY Association continues to consistently promote the women's leadership agenda in the energy industry by creating platforms for dialogue and uniting the efforts of sectoral organizations, companies, and partners. On the initiative of the Association, and in cooperation with the European Bank for Reconstruction and

ONLY

19%

OF MANAGERIAL
POSITIONS IN
THE ENERGY
SECTOR
ARE HOLD

Development (EBRD), an industry study titled “The Role of Women in Kazakhstan's Energy Sector” was conducted. The study found that women account for 24% of the energy sector workforce, yet only 19% hold managerial positions.

The research identified several factors that may hinder the advancement of women's leadership in the sector, including persistent gender stereotypes, limited career growth opportunities, low representation of women in technical and engineering roles, and the need for broader access to mentoring and leadership development programs.

To promote women's leadership, the Association implements a range of initiatives. For over ten years, the KAZENERGY Women's Energy Club has been bringing together women leaders in the industry, supporting their professional development, empowerment, and networking.

The Women's Energy Club Forum, held biennially, features panel discussions, experience-sharing sessions, practical workshops, and mentoring

Kipicne / Introduction

10 жылдан астам уақыт бойы KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубы жұмыс істеп келеді. Бұл клуб саладағы әйел көшбасшыларын біріктіріп, олардың кәсіби өсуіне, мүмкіндіктерін кеңейтуге және байланыс орнатуына ықпал етеді.

Әр екі жыл сайын клубтың форумы өткізіледі. Онда панельдік пікірталастар, тәжірибе алмасу, практикалық сессиялар және менторлық кездесулер ұйымдастырылады.

ЖОО-лармен және халықаралық серіктестермен бірлесіп, менторлық бағдарламалар іске асырылуда. Сондай-ақ энергетика саласындағы бірқатар жетекші компанияларда кемсітушілікке жол бермеу және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бойынша корпоративтік стандарттар қолдау табуда.

Қауымдастық еңбек саласындағы жыныстық



10 ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ БОЙЫ KAZENERGY ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫ ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛЕДІ. БҰЛ КЛУБ САЛАДАҒЫ ӘЙЕЛ КӨШБАСШЫЛАРЫН БІРІКТІРІП



қысым көрсету жағдайларына ден қою тетіктерін енгізуді көздейтін заңнамалық бастамаларды қолдады.

Қыздар арасында STEM мамандықтарын насихаттау және басқарушылық лауазымдарға арналған әйелдер кадр резервін дамыту бағдарламаларына бастамашылық жасалып, қолдау көрсетілуде. 2021 жылғы форумда энергетика саласында әйелдер көшбасшылығы бағдарламасы іске қосылды. 2022 жылы С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің қолдауымен Орталық Азия мен Қазақстанда алғашқы Executive MBA «Энерге-

meetings aimed at advancing women's leadership in the sector.

KAZENERGY also supports mentorship programs implemented in partnership with universities and international organizations, as well as corporate standards in leading energy companies designed to prevent discrimination and ensure gender equality.

In addition, the Association has supported legislative initiatives introducing definitions and mechanisms for responding to cases of sexual harassment in the workplace.

Programs aimed at promoting STEM careers among girls and developing a talent pipeline of women for managerial positions are being actively initiated and supported.

At the 2021 Women's Energy Club Forum, KAZENERGY launched an industry women's



FOR OVER TEN YEARS, THE KAZENERGY WOMEN'S ENERGY CLUB HAS BEEN BRINGING TOGETHER WOMEN LEADERS IN THE INDUSTRY



leadership program. In 2022, with the support of the S. Utebayev Atyrau Oil and Gas University, the first Executive MBA program in Central Asia and Kazakhstan – “Women's Leadership in the Energy Sector” – was established.

In 2024, the Association joined the Women's Empowerment Principles (WEPs), developed through the partnership between UN Women and the United Nations Global Compact.

The study also indicates that, despite notable progress, the potential of women in the energy sector remains largely untapped. For example:

Women make up approximately 25% of the

тика саласындағы әйел көшбасшылығы» білім беру бағдарламасы ашылды.

2024 жылы қауымдастық БҰҰ-Әйелдер ұйымы және БҰҰ Жаһандық шарты аясында әзірленген әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарына қосылды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қол жеткізілген ілгерілеуге қарамастан, энергетика саласында әйелдердің әлеуеті толық ашыла қойған жоқ. Мысалы:

Қазақстанның энергетика секторында әйелдер жалпы жұмыс күшінің шамамен 25 %-ын құрайды.

Жоғары басшылық лауазымдарда олардың үлесі – тек 12 %, директорлар кеңесінде – 17 %.

2016–2019 жылдар аралығында саладағы әйелдердің саны 14,3 %-ға (шамамен 2174 адамға) азайды.

Әйелдер жоғары білім деңгейі бойынша ерлерден озық: олардың 64 %-ында жоғары білім бар, ерлер арасында бұл көрсеткіш – 48 %.

Әйелдердің орташа жалақысы ерлердің жалақысының 81 %-ын құрайды.

Әйелдер техникалық және өндірістік лауазымдарда 20 %-дан аз, ал әкімшілік және басқарушылық рөлдерде 50 %-ға дейін құрайды.

Әйелдердің стратегиялық үдерістерге, басқаруға, инженерлік және жұмысшы мамандықтарына қатысуын арттыру – Қазақстан энергетика секторының бәсекеге қабілеттілігі мен инновациялық дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Форум мен KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының жұмысы дәл осы әлеуетті ашуға бағытталған. Бұл әсіресе ел жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру мен олардың экономикадағы рөлін күшейтуге күш салып отырған кезеңде өте өзекті.

workforce in Kazakhstan's energy sector. At the senior management level, their share is only 12%, and 17% in boards of directors.

Between 2016 and 2019, the number of women employed in the sector decreased by 14.3% (around 2,174 individuals).

Women in energy tend to have a higher level of education: 64% hold a university degree compared to 48% of men.

The average salary of women amounts to about 81% of that of men.

Women remain underrepresented in technical and production positions (less than 20%), while in administrative and managerial roles their share reaches 50%.

Enhancing the role of women in strategic decision-making, management, engineering, and skilled professions is one of the key factors driving the competitiveness and innovative development of Kazakhstan's energy sector. The KAZENERGY Women's Energy Club Forum and its ongoing initiatives are dedicated to unlocking this potential – an especially relevant mission in a year when the country is focused on elevating the status of skilled professions and strengthening their role in shaping the future of the national economy.

Бағдарлама KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының VII форумы
VII KAZENERGY Women's Energy Club Forum Program
«WOMEN IN ENERGY: DRIVING POWER, SHAPING PROGRESS»

Күні / Date: 2025 жылғы 2 қазан / October 2, 2025

Өтетін орны / Venue: Астана қаласы, Тәуелсіздік сарайы / Palace of Independence, Astana

Tirkey / Registration: 08:00 – 10:00

Сәлемдесуге арналған кофе-брейк / Welcome coffee break: 09:15 – 10:00

Пленарлық Сессия: «Энергетикадағы әйелдер: прогресті қалыптастыратын қозғаушы күш»
Plenary Session: “Women in Energy: Driving Power, Shaping Progress”

Өткізу уақыты
Time

10:00 – 11:30

Өткізу орны
Venue

«АРАЛ» залы, 1-қабат / ARAL hall, 1st floor

Аты-жөні, лауазымы
модератор/спикер
Name, position
of moderator/speaker

Модератор: Рамазанова Лаззат Керимкуловна, Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Кәсіпкер әйелдер кеңесінің төрайымы, қоғам қайраткері

Moderator: Ramazanova Lyazzat Kerimkulovna, Chair of the Council of Women Entrepreneurs under the Organization of Turkic States, Public Figure

Сәлемдесу сөздері:

«KAZENERGY» қауымдастығы, Бас директор – **Нурмаганбетов Жандос Демесинович**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Аппарат басшысы – **Жарылгасова Жанар Шайкиевна**

Дүниежүзілік мұнай кеңесі (WPC), ДМК Президенті – **Педро Мирас**

Қырғызстан энергетикасындағы әйелдер қауымдастығы, Төраға орынбасары – **Керимкулова Айдай Бактыбековна**

«Росатом» әйелдер қауымдастығы, Басшы – **Рябых Александра Владимировна**

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.», Еңбек ресурстары және сервистік қамтамасыз ету жөніндегі директоры – **Ізбасарова Сұлушаш Болатовна**

«Теңізшевройл» ЖШС, Адами ресурстар жөніндегі бас менеджер – **Байжанова Камшат Болатовна**

Welcome Remarks:

KAZENERGY Association — **Nurmaganbetov Zhandos Demessinovich**, General Director

Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan — **Zharylgasova Zhanar Shaikiyevna**, Chief of Staff

World Petroleum Council (WPC) — **Pedro Miras**, President

Women in Energy Association of the Kyrgyz Republic — **Kerimkulova Aiday Baktybekovna**, Deputy Chair

ROSATOM Women's Community — **Ryabykh Alexandra Vladimirovna**, Head

Karachaganak Petroleum Operating B.V. — **Izbasarova Slushash Bolatovna**, General Manager for Human Resources

Tengizchevroil LLP — **Baizhanova Kamshat Bolatovna**, Human Resources and Services Director

Спикерлердің баяндамалары:

«Теңізшевройл» ЖШС, Адами ресурстар жөніндегі бас менеджер — **Камшат Байжанова**

North Caspian Operating Company N.V., Даму жөніндегі директор — **Мария Димос**

«ЭкссонМобил Қазақстан Инк.», Басқарушы директордың орынбасары, «Қашаған жобасының менеджері» — **Фарида Чә Ибрахим**

«KEGOC» АҚ, Басқарма мүшесі, Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор — **Акимбаева Айгуль Ермекбаевна**

«Ембімұнайгаз» АҚ, Экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары — **Тасмагамбетова Рысты Нурғалиевна**

«С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КЕАҚ, Ректор, Басқарма төрайымы — **Шакуликова Гульзада Танирбергеновна**

Speakers' Presentations:

Tengizchevroil LLP — **Baizhanova Kamshat Bolatovna**, General Manager for Human Resources

North Caspian Operating Company N.V. (NCOO) — **Maria Dimos**, Director of Development

ExxonMobil Kazakhstan Inc. — **Farida Che Ibrahim**, Deputy Managing Director, Kashagan Project Manager

KEGOC JSC — **Akimbayeva Aigul Yermekbayevna**, Member of the Management Board, Managing Director for Economics and Finance

Embamunaigas JSC — **Tasmagambetova Rysty Nurgaliyevna**, Deputy General Director for Economics and Finance

S. Utebayev Atyrau Oil and Gas University (Atyrau University of Oil and Gas) — **Shakulikova Gulzada Tanirbergenovna**, Rector, Chair of the Management Board

Кофе-брейк / Coffee break: 11:30–12:00

Панельдік сессия: «Саладағы әйелдер: жұмысшы мамандықтан көшбасшылыққа дейін»
Panel Session: “Women in the Industry – From Workforce to Leadership”

Өткізу уақыты
Time

12:00 – 13:15

Өткізу орны
Venue

«АРАЛ» залы, 1-қабат / ARAL hall, 1st floor

Аты-жөні, лауазымы
модератор/спикер
Name, position
of moderator/speaker

Модератор: Ахмурзина Ләззат Жексенбаевна, «KAZENERGY» қауымдастығының атқарушы директоры

Moderator: Lyazzat Zheksenbayevna Akhmurzina, Executive Director, KAZENERGY Association

Сәлемдесу сөзі:

Әйелдер энергетикалық клубы, Төраға – **Аккайсиева Айзада Умбетовна**

Welcome Remarks:

Women's Energy Club — Chairperson, **Akkaysieva Aizada Umbetovna**

Спикерлердің баяндамалары:

Қазатомөнеркәсіп ҰАК («ДП Орталық» ЖШС), Өндіріс жөніндегі бас директордың орынбасары – **Нұрсағат Нұргүл Нұрсағатқызы**

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, Орталық инженерлік-технологиялық қызмет, Ауысым бастығы – **Түлемисова Айнагүл Нұрадиновна**


«Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Атырау магистралдық газ құбырлары басқармасы» филиалының Құлсары жол-өндіріс басқармасы, АСҚЖА (КИПИА) қызметінің бастығы – **Адилова Жамига Ешимовна**

«СП Казгермұнай» ЖШС, Зертхана меңгерушісі – **Оразымбетова Айшолпан Жадрасыновна**

«Ембімұнайгаз» АҚ, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы, Провин топ кен орындары, Жетекші геолог – **Аязбаева Гүльнар Наурызғалиевна**

Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В., Өндірістік көрсеткіштер бойынша есеп беру жөніндегі жетекші маман – **Ларионова Марина Сергеевна**





Сәлемдесу бөлімі
Welcome session

01 Сәлемдесу бөлімі

Welcome session

KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының VII форумы салтанатты түрде ашылды. Қошемет сөздер форумның маңыздылығын атап өтіп, іс-шараның жалпы бағыты мен мазмұнын айқындады. Сахнада негізгі серіктестер мен ұйымдардың шабыттандыратын құттықтаулары айтылды. Барлығының ортақ мақсаты – энергетика саласында әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге және тең мүмкіндіктерге қол жеткізуге ықпал ету. Форум қатысушыларына арнап құттықтау сөздермен «KAZENERGY» қауымдастығы, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, Дүниежүзілік мұнай кеңесі, Қырғызстан энергетикасындағы әйелдер қауымдастығы және Росатом әйелдер қауымдастығы ұйымдарының өкілдері сөз сөйледі.

The ceremonial opening of the **VII KAZENERGY Women's Energy Club Forum** began with welcoming remarks that set the tone for the entire event, underscoring its importance for the development of the energy sector and the advancement of women's leadership. From the stage, inspiring speeches were delivered by key partners and organizations united by a common goal – to promote equal opportunities and enhance the role of women in the energy industry. Welcoming messages to the participants were extended by representatives of the KAZENERGY Association, the Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan, the World Petroleum Council, the Women in Energy Association of the Kyrgyz Republic, and the ROSATOM Women's Community.



Нурмаганбетов
Жандос Демесинович,
«KAZENERGY»
Қауымдастығының Бас
директоры



Nurmagambetov
Zhandos Demesinovich,
General Director
of the KAZENERGY
Association



Құрметті **XVI KAZENERGY Еуразиялық форумның** делегаттары, мұнай-газ және энергетика саласының ардақты әйел өкілдері, қайырлы таң!

KAZENERGY қауымдастығының атынан VII KAZENERGY Ханымдар энергетикалық клубының «WOMEN IN ENERGY: DRIVING POWER, SHAPING PROGRESS» форумның барлық қатысушыларына зор ілтипатпен қош келдіңіздер деймін.

Бүгінгі таңда энергетика тек дәстүрлі көздерге ғана, не болмаса тек жаңа технологияларға ғана сүйене алмайды. **Салаға үйлесім қажет:** бір жағынан, дәстүрлі энергия көздері сенімділікті қамтамасыз етсе, екінші жағынан,

Dear delegates of the **XVI KAZENERGY Eurasian Forum**, distinguished women representatives of the oil, gas, and energy sectors — good morning!

On behalf of the KAZENERGY Association, I extend my warmest greetings to all participants of the VII KAZENERGY Women's Energy Club Forum “WOMEN IN ENERGY: DRIVING POWER, SHAPING PROGRESS.”

Today, the energy industry can no longer rely solely on traditional sources or exclusively on new technologies. **The sector requires balance:** on one hand, traditional energy sources ensure reliability; on the other, new technologies open the path toward sustainable development and a greener future.



**БІЗ ЭНЕРГЕТИКА ТЕК ҮЙРЕНШІКТІГЕ
НЕМЕСЕ ТЕК ЖАҢАҒА ҒАНА СҮЙЕНЕ
АЛМАЙТЫН КЕЗЕҢДЕ ӨМІР СҮРІП
ЖАТЫРМЫЗ. БІЗГЕ ТЕПЕ-ТЕҢДІК ҚАЖЕТ:
ДӘСТҮРЛІ КӨЗДЕР ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТСЕ, ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕН
ЖАСЫЛ БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ**



**WE LIVE IN AN ERA WHEN THE ENERGY INDUSTRY
CAN NO LONGER RELY SOLELY ON WHAT IS FAMILIAR,
NOR CAN IT DEPEND ENTIRELY ON WHAT IS NEW.
WHAT WE NEED IS BALANCE—ONE WHERE
TRADITIONAL ENERGY SOURCES PROVIDE STABILITY,
WHILE NEW TECHNOLOGIES OPEN THE WAY
TOWARD SUSTAINABLE DEVELOPMENT
AND A GREEN FUTURE**



жаңа технологиялар бізге тұрақты даму мен жасыл болашақтың жолын ашады.

Біз энергетика тек үйреншіктіге немесе тек жаңаға ғана сүйене алмайтын кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Бізге тепе-теңдік қажет: дәстүрлі көздер тұрақтылықты қамтамасыз етсе, жаңа технологиялар – тұрақты даму мен жасыл болашаққа бастар жол.

Осы тұста Қазақстанның рөлі айрықша. Елдің мұнай-газ және жалпы энергетикалық секторы экономикамыздың стратегиялық негізі болып қала береді. Біздің инфрақұрылым, жинақталған тәжірибе мен біліктілік бізге жаңаша даму бағытымен нық қадам жасауға мүмкіндік береді – жаңартылатын энергия көздерінен бастап өндірістік процестерді цифрландыруға дейін.

Алайда бұл трансформация жүзеге асуы үшін ең маңызды ресурс қажет – **сапалы кадрлар. Адамдар, олардың білімі, кәсіби шеберлігі және өмір бойы оқуға деген ұмтылысы Қазақстанның энергетикалық болашағының табысты болуын айқындайды.**



**АЛ БҰЛ БАҒЫТТА ӘЙЕЛДЕР –
ӘЛІ ТОЛЫҚ АШЫЛМАҒАН ӨСУ
ӘЛЕУЕТІ**



Ал бұл бағытта әйелдер – әлі толық ашылмаған өсу әлеуеті. Қазіргі таңда энергетика саласындағы мамандардың орташа 17-26%-ын әйелдер құрайды. Бұл – орасан зор резерв. Әйелдер тек жұмысшы және инженерлік мамандықтарды ғана емес, сонымен қатар жаңа талаптарға бейімделіп, жаңғыру мен тұрақты дамудың қозғаушы күшіне айнала

We live in an era when the energy industry can no longer rely solely on what is familiar, nor can it depend entirely on what is new. What we need is balance—one where traditional energy sources provide stability, while new technologies open the way toward sustainable development and a green future.

And it is precisely here that **Kazakhstan plays a special role. The oil and gas sector, along with the entire energy industry of the country, remains a strategic pillar of the national economy.** Our infrastructure, accumulated experience, and professional expertise enable us to move forward with confidence, mastering new technologies—from renewable energy sources to the digitalization of production processes.

Yet for this transformation to succeed, the key resource is people – **highly qualified professionals. It is their knowledge, skills, and commitment to lifelong learning that will determine how successfully Kazakhstan meets the challenges of the new energy future.**

And in this regard, women represent a powerful



**AND IN THIS REGARD, WOMEN REPRESENT A
POWERFUL BUT STILL UNDERUTILIZED POTENTIAL
FOR GROWTH**



but still underutilized potential for growth. Today, women account for an average of 17 to 26 percent of the professional workforce in energy organizations. This means we have an enormous untapped reserve. Women are not only capable of excelling in technical and engineering professions but also of adapting quickly to new demands, becoming a driving force for modernization and sustainable

алады.

Бүгінгі форум Жұмысшы мамандықтары жылы аясында өтіп отырғаны аса мәнді, күнделікті еңбегімен бүкіл энергетика саласының тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз етіп жүрген жандардың құндылығын айқындайды. Жұмысшы және инженерлік мамандар – Қазақстанның энергетикалық тұрақтылығының берік іргетасы.

Бүгінгі таңда біздің залда әртүрлі, бірақ осындай қажетті жұмыс және инженерлік мамандықтарды ұсынатын әйелдер бар. Олардың қатарында - жұмыс агентін айдау бойынша насос станцияларының машинистері, химиялық талдау зертханашылары, электр газбен дәнекерлеушілер, мұнай мен газ өндіру операторлары, көмірсутек шикізатын қайта өңдеу технологтары, жабдық жөндеу слесарьлары, компрессорлық қондырғылар машинистері, электротехниктер, инженер-механиктер, электромонтерлер, жылу электр станцияларының операторлары, энергетика инженерлері және тағы басқа мамандар бар.

Бұл тізімді жалғастыра беруге болады, өйткені әрбір мамандық – жай ғана еңбек кітапшасындағы жазба емес. Әр атаудың артында – адам тағдыры, жауапкершілік пен өз ісіне деген сүйіспеншілік жатыр. Бұл – отбасылық дәстүрді жалғастырып жүрген, жаңа буынға жол ашып жүрген, кейде – бұрын әйелдер жұмыс істемеген салаларда жаңа белестерге қол жеткізіп жүрген әйелдердің оқиғалары.

development.

It is especially meaningful that today's forum is being held within the framework of the Year of Skilled Professions, highlighting the invaluable contribution of those whose daily work ensures the uninterrupted operation of the entire energy sector. Skilled workers and engineers form the solid foundation of Kazakhstan's energy stability.

Today, our hall is filled with women representing a wide range of essential technical and engineering professions. Among them are pump station operators for injection systems, chemical laboratory technicians, electric and gas welders, oil and gas production operators, hydrocarbon processing technologists, equipment maintenance mechanics, compressor unit operators, electrical engineers, mechanical engineers, power plant operators, energy engineers, and many others.

This list could go on, because each profession is far more than just a line in a work record book. Behind every title stands a person's story, dedication, and sense of responsibility – a genuine love for their work. These are the stories of women who carry on family traditions, pave the way for new generations, and, in many cases, open entirely new horizons in fields where women have rarely, if ever, worked before.



Жарылгасова
Жанар Шайкиевна,
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі
Аппаратының басшысы



Zharylgassova
Zhanar Shaikievna,
Chief of Staff, Ministry
of Energy of the Republic
of Kazakhstan



Құрметті форум қатысушылары!

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің атынан **VII Әйелдер энергетикалық клубының форумына** қош келдіңіздер деймін және энергетика саласында гендерлік теңдікті ілгерілету, әйелдердің кәсіби әлеуеті мен көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған бастамаларды жүзеге асырудағы ұзақ жылғы еңбектеріңіз үшін алғыс білдіремін.

2025 жыл Мемлекет басшысының бастама-сымен Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланды. Бұл бүгінгі кездесуге ерекше мән береді. Себебі кәсіби дағдылар, білім мен адами капитал – энергетика секторының тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі факторлар болып табылады. Бұл үдерістегі әйелдердің рөлі күн санап артып келеді. Әйелдердің жауапкершілігі, табандылығы, басталған істі соңына дейін жеткізуге деген ынтасы мен топпен жұмыс істей білу қабілеті – бүгінгі энергетика саласында ерекше сұранысқа ие.

Біз әйелдердің тек басшылық қызметтерде ғана емес, сондай-ақ өндірістің негізгі учаскелерінде – инженерлік және технологиялық лауазымдардан бастап стратегиялық басқаруға дейін белсенді түрде қызмет атқарып жүргенін көріп отырмыз. Мұны бүгінгі форум-

Distinguished participants of the Forum!

On behalf of the Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan, I am pleased to welcome you to the **VII Forum of the Women's Energy Club** and to express my sincere appreciation for your long-standing contribution to advancing gender equality, expanding women's participation in the energy sector, and implementing initiatives that foster their professional growth and leadership.

The year 2025, declared by the Head of State as the Year of Vocational Professions, lends special significance to today's meeting. Indeed, professional skills, knowledge, and human capital are the key drivers of the energy sector's resilience and competitiveness. The role of women in this process is becoming increasingly prominent. Their sense of responsibility, perseverance, commitment to achieving results, and ability to work as part of a team are qualities that our industry needs now more than ever.

We are witnessing more and more women taking not only leadership positions but also key roles in production – from engineering and technical specialties to strategic management. This is reflected in today's Forum agenda, which ranges from discussions on women's contributions to technological innovation, the energy transition, and the ESG agenda, to showcasing their professional

ның бағдарламасы да айқын дәлелдейді: технологиялық инновациялардағы, энергетикалық өтпелі кезеңдегі және ESG күн тәртібіндегі әйелдердің рөлін талқылаудан бастап, жұмысшы мамандықтарынан бастап ірі энергетикалық компаниялардың басшылығына дейінгі кәсіби жетістіктерін көрсетуге дейін қамтылған.

Энергетика министрлігі барлық деңгейде, соның ішінде әйелдер үшін де тең мүмкіндіктер мен кәсіби өсуді қолдайтын саясатты жүйелі түрде жүргізіп келеді. Біздің ойымызша, кадрлық әлеуетті дамыту және тұрақты кәсіби қауымдастық қалыптастыру — стратегиялық басымдық. Сондықтан мемлекеттік саясаттың назарында - білім беру бағдарламаларын



БҮГІНДЕ БІЗ ӘЙЕЛДЕРДІ ТЕК БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДЕ ҒАНА ЕМЕС, СОНДАЙ-АҚ ӨНДІРИСТІҢ НЕГІЗГІ БУЫНДАРЫНДА — ИНЖЕНЕРЛІК ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЛАУАЗЫМДАРДАН БАСТАП СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУҒА ДЕЙІН КӨРІП ОТЫРМЫЗ



жаңғырту, дуальды оқыту жүйесін дамыту, біліктілікті арттыру және энергетика саласында мансаптық өсуге жағдай жасау бар.

Қазіргі кезеңде әйелдердің энергетикалық көшу процесіне қатысуының маңызы артып отыр. **Қазақстан 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бағытын ұстанып отыр**, ал бұл ауқымды трансформациялық жол — **инженерлердің, зерттеушілердің, басқарушылар мен жобалық көшбасшылар ретіндегі әйелдердің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес.** Олардың жаңартылатын энергия көздерін дамыту, инновациялық технология-

achievements — from skilled trades to leading major energy companies.

The Ministry of Energy consistently supports a policy of equal opportunities and professional advancement for all specialists, including women, at every level of the industry. We view the development of human capital and the formation of a sustainable professional community as strategic priorities. For this reason, the government's current focus includes modernizing educational programs, expanding dual training systems, enhancing qualifications, and creating pathways for career growth in the energy sector.

Equally important today is women's participation in the energy transition. **Kazakhstan has committed**



WE ARE WITNESSING MORE AND MORE WOMEN TAKING NOT ONLY LEADERSHIP POSITIONS BUT ALSO KEY ROLES IN PRODUCTION — FROM ENGINEERING AND TECHNICAL SPECIALTIES TO STRATEGIC MANAGEMENT



to achieving carbon neutrality by 2060, and this ambitious transformation cannot be achieved without **the active involvement of women — as engineers, researchers, managers, and project leaders.** Their engagement in renewable energy development, implementation of innovative technologies, and energy efficiency improvements is a crucial component of the sector's sustainable future.

I am confident that today's discussions will serve as a valuable platform for sharing experience, generating new ideas, and strengthening cooperation. They will also help **advance gender balance**

ларды енгізу және энергия тиімділігін арттыру бағыттарындағы қатысуы – саланың тұрақты болашағының маңызды құрамдас бөлігі.

Бүгінгі форум пікір алмасуға, жаңа идеялар мен серіктестіктерді дамытуға маңызды алаң болатынына сенім білдіреміз және бұл алаң энергетикадағы **гендерлік тепе-теңдік пен әйелдердің кәсіби өсуін одан әрі ілгерілетуге ықпал етеді деп сенеміз.**

Барлық форумға қатысушыларға жемісті жұмыс, сындарлы диалог және Қазақстанның энергетика саласының тұрақты дамуына

and promote women's professional growth across the energy industry.

I wish all Forum participants productive discussions, meaningful dialogue, and continued success in contributing to the sustainable development of Kazakhstan's energy sector.



Педро Мирас,
Дүниежүзілік мұнай
кеңесінің президенті



Pedro Miras,
President of the World
Petroleum Council



Құрметті әйелдер **энергетикалық форумына қатысушылар!**

Бүгін осы керемет елде, өзімді үйдегідей сезінетін ортада сіздердің араңызда қайтадан болу мен үшін үлкен мәртебе және шынайы қуаныш. Ұйымдастырушыларға шақырып, осындай айтулы шараға қатысуға мүмкіндік бергені үшін алғыс айтамын.

Бүгін біз заманауи энергетикалық ландшафттың ең маңызды мәселелерін талқылаймыз: **талантты тарту және дамыту.** Бұл аспект, менің ойымша, маңызды, өйткені саланың табысты болуы онда жұмыс істейтін адамдарға тікелей байланысты.

Distinguished participants of the **Women's Energy Forum,**

It is a great honor and a sincere pleasure for me to be here with you once again, in this wonderful country where I truly feel at home. I would like to thank the organizers for the invitation and for the opportunity to take part in such an important event.

Today, we are gathered to discuss one of the most critical topics shaping the modern energy landscape – **the attraction and development of talent.** In my view, this is a key issue, because our industry's success depends directly on the people driving it forward.

Our sector needs talented professionals, and to



ӘРТҮРЛІЛІК ЖАЙ ҒАНА ҚҰНДЫЛЫҚ ЕМЕС –
БҰЛ ҚАЖЕТТІЛІК ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
АРТЫҚШЫЛЫҚ



Біздің салаға дарынды мамандар қажет, оған қол жеткізу үшін біз әртүрлілік пен инклюзивтілік қағидаттарын белсенді түрде алға жылжытуымыз керек. Бірнеше жыл бұрын біз гендерлік және кәсіби әртүрлілікке ерекше назар аудара отырып, көшбасшылық құрылымымызға өзгерістер енгіздік. Бұл парадигма біздің корпоративтік мәдениетіміздің бір бөлігіне айналды.

Соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге жеттік. **Осыдан он жыл бұрын энергетика саласында әйелдердің үлесі небәрі 23 пайызды құраса, бүгінде оң динамика**, жүйелі жұмыс пен мақсатты күш-жігердің нәтижесін көріп отырмыз. Өйткені, бұл тек тең құқықтар туралы емес, бұл жынысқа немесе басқа ерекшеліктерге қарамастан, ең жақсы таланттарды тарту туралы. Әртүрлілік жай ғана құндылық емес - бұл қажеттілік және стратегиялық артықшылық.

Табысқа жетудің бірнеше негізгі факторлары бар. **Біріншіден**, компаниялар таланттарды объективті бағалау мен іріктеу үшін озық тәжірибелер мен тиімді құралдарды енгізуі керек, кез келген түрдегі қате пікірлерді болдырмау маңызды.

Екіншіден, икемділік мәдениетін дамыту өте маңызды. Біз мұны әсіресе жұмысты ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдерін өзгерткен пандемия кезінде көрдік. Бүгінгі таңда икемді форматта, соның ішінде қашықтағы технологияларды қолдану арқылы тиімді жұмыс істеуге болатын



DIVERSITY IS NOT JUST A VALUE –
IT IS A NECESSITY AND A STRATEGIC
ADVANTAGE



attract them, we must actively promote the principles of diversity and inclusion. Several years ago, we restructured our leadership framework, placing special emphasis on gender and professional diversity. This approach has since become an integral part of our corporate culture.

Over the past decade, we have made significant progress. **Ten years ago, women accounted for only about 23% of the energy workforce. Today, we are seeing steady positive change** – the result of systematic effort and purposeful action. This is not only about ensuring equal rights – it is about attracting the best talent, regardless of gender or other differences. Diversity is no longer just a value; it is a strategic advantage.

There are several key factors that determine success in this area. **First**, companies must implement advanced practices and effective tools for the objective evaluation and selection of talent, eliminating all forms of bias.

Second, it is crucial to foster a culture of flexibility. We saw this especially clearly during the pandemic, which transformed traditional approaches to work organization. It is now evident that high performance is possible in flexible formats, including through the use of remote technologies. Companies that have recognized this and adapted accordingly are gaining a real competitive edge in the talent market.

And finally, **the third factor** is leadership commitment. Without active engagement and personal involvement from senior management, any

ны анық. Мұны түсінетін және бейімделген компаниялар таланттар үшін соғыста бәсекелестік артықшылыққа ие болады.

Соңғы, **үшінші аспект** - жоғары басшылықтың міндеттемесі. Көшбасшылардың белсенді



**МҰНЫ ТҮСІNETІН ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛГЕН
КОМПАНИЯЛАР ТАЛАНТТАР ҮШІН
СОҒЫСТА БӘСЕКЕЛЕСТІК
АРТЫҚШЫЛЫҚҚА ИЕ БОЛАДЫ**



қатысуынсыз және жеке қатысуынсыз кез келген әртүрлілік бағдарламалары бос уәде болып қала береді. Басшы құрам осы принциптерді шынайы қабылдап, оларды күнделікті тәжірибеде жүзеге асырғанда ғана нақты өзгерістерді күтуге болады.

Бізде осы бағытта алға жылжу үшін барлық қажетті құралдар мен мүмкіндіктер бар екеніне сенімдімін. Өз тарапымыздан біздің компания адам әлеуетін дамытуға және әрбір талантты жүзеге асыруға болатын жағдай жасауға бағытталған бастамаларды дәйекті түрде қолдайды.

Назар аударғаныңызға рақмет.

diversity initiatives will remain only declarations. Real change happens only when leadership genuinely embraces these principles and integrates them into daily practice.

I am confident that we have all the necessary



**COMPANIES THAT HAVE RECOGNIZED
THIS AND ADAPTED ACCORDINGLY ARE
GAINING A REAL COMPETITIVE EDGE IN
THE TALENT MARKET**



tools and opportunities to continue moving forward in this direction. For our part, our company remains fully committed to supporting initiatives aimed at developing human potential and creating an environment where every talent can thrive.

Thank you for your attention.



Керимкулова
Айдай Бактыбековна,
Қырғызстанның
Энергетика саласындағы
әйелдер қауымдастығы
төрағасының орынбасары



Kerimkulova
Aidai Baktybekovna,
Deputy Chairperson
of the Association
of Women in Energy
of Kyrgyzstan



Құрметті қатысушылар, әріптестер, ханымдар мен мырзалар!

Осындай ауқымды әрі маңызды шараға қатысу мүмкіндігін берген форум ұйымдастырушыларына шынайы алғысымды білдіремін. **Бұл форум — энергетика саласының болашағын қалыптастыра алатын білім, тәжірибе мен идеялар алмасуға арналған бірегей алаң.**

Құрметті әріптестер, ханымдар мен мырзалар!

Энергетика саласы — экономиканың маңызды салаларының бірі. Ол қоғамның дамуына, өндірістің өркендеуіне және халықтың әлауқатына тікелей әсер етеді. Бүгінде біз жаһандық трансформация дәуірінде өмір сүріп жатырмыз: жаңартылатын энергия көздеріне көшу, жаңа технологияларды енгізу және тұрақты даму жолында алға басу. **Бұл процес-**

Distinguished participants, colleagues, ladies and gentlemen!

I would like to express my sincere gratitude to the organizers of this forum for the invitation and the opportunity to take part in such a significant and large-scale event. **This forum serves as a unique platform for exchanging knowledge, experience, and ideas that have the power to shape the future of the energy industry.**

Dear colleagues, ladies and gentlemen,

The energy sector is one of the most vital pillars of any economy. It underpins societal progress, industrial growth, and people's well-being. Today, we are living through an era of global transformation — the transition to renewable energy sources, the adoption of new technologies, and the pursuit of sustainable development. **In this process, women play a particularly strategic role — as professionals,**



**БҮГІНДЕ БІЗ ЖАҒАНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ
ДӘУІРІНДЕ ӨМІР СҮРІП ЖАТЫРМЫЗ:
ЖАҒАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ КӨШУ,
ЖАҒА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ
ДАМУ ЖОЛЫНДА АЛҒА БАСУ**



**TODAY, WE ARE LIVING THROUGH AN ERA OF GLOBAL
TRANSFORMATION — THE TRANSITION TO
RENEWABLE ENERGY SOURCES, THE ADOPTION OF
NEW TECHNOLOGIES, AND THE PURSUIT OF
SUSTAINABLE DEVELOPMENT**



сте әйелдер кәсіби маман ретінде, көшбасшы және жаңашыл ретінде ерекше, стратегиялық рөл атқарады.

Қазіргі таңда әлем климаттың өзгеруі, мұнай, газ және көмір қорының азаюы сияқты күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Дәстүрлі энергия көздері қоршаған ортаға зиян келтіріп, түптің-түбінде сарқылады. Біз жаңа жолдарды іздеуіміз қажет — ал жасыл энергетика бізге шешім ұсынады.

Жасыл энергетика — бұл күн, жел, су, биомасса сияқты жаңартылатын, таза энергия көздерін пайдалану. Бұл — адамзаттың өсіп келе жатқан энергия қажеттілігін қанағаттандырудың жолы ғана емес, сонымен бірге табиғатқа келетін зиянды азайту мүмкіндігі.

Энергетика саласындағы әйелдер сала дамуына жаңашылдық, әлеуметтік жауапкершілік пен тың көзқарас әкеледі. Олар



ТЕК ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕРЛЕР, МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕС, ҒЫЛЫМ МЕН ҚОҒАМ БІРЛЕСЕ ӘРЕКЕТ ЕТКЕНДЕ ҒАНА БІЗ БОЛАШАҚ ЭНЕРГЕТИКАНЫ — ТАЗА, ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ЕТЕ АЛАМЫЗ



технологияларды әзірлеуге, жобаларды басқаруға және тұрақты даму саясатын қалыптастыруға қатысады. Дегенмен, қазіргі таңда әйелдердің саладағы қатысуы әлі де шектеулі — бұл олқылықты түзетуіміз қажет.

Әйелдердің рөлін кеңейту — бұл тек теңдік мәселесі емес. **Бұл — стратегиялық қажеттілік.** Әйелдер түрлі көзқарасты ұсына отырып, шешім қабылдау процесін жақсартып, жобалардың тұрақтылығы мен қоғамға пайдасын

leaders, and innovators.

The world today faces serious challenges: climate change, the depletion of oil, gas, and coal reserves, and the environmental impact of traditional energy sources, which continue to pollute and are finite. We must find new ways forward — and green energy offers a solution.

Green energy means harnessing clean, renewable sources such as the sun, wind, water, and biomass. It is not only a way to meet the growing global demand for energy, but also an opportunity to reduce humanity's negative impact on the environment.

Women in energy bring innovation, social responsibility, and a fresh perspective to the development of the industry. They are involved in technology development, project management, and the shaping of sustainability policies. Yet, their participation remains limited — and that is a missed



ONLY BY UNITING THE EFFORTS OF WOMEN AND MEN, GOVERNMENTS AND BUSINESSES, SCIENCE AND SOCIETY, CAN WE BUILD THE ENERGY SYSTEM OF THE FUTURE — CLEAN, ACCESSIBLE, AND INCLUSIVE



opportunity we must address.

Expanding the role of women is not simply a matter of equality — **it is a strategic necessity.** Women bring diverse perspectives, improve decision-making processes, and make projects more resilient and socially beneficial.

Supporting women in the energy sector means creating equal opportunities through education, leadership, and innovation. It means mentorship programs, access to financing, and fostering an

арттыра алады.

Энергетика саласындағы әйелдерді қолдау – бұл білім беру, көшбасшылықты дамыту, инновациялық жобаларды қолдау арқылы тең мүмкіндіктер жасау. Бұл – тәлімгерлік бағдарламалар, қаржыландыруға қол жеткізу және дарынды әйелдер өз әлеуетін іске асыра алатын жағдай жасау.

Құрметті әріптестер, жасыл энергетика – бұл Жерді сақтаудың және тұрақты болашақ құрудың кілті. Бірақ бұл жолда әйелдердің белсенді қатысуынсыз прогресс толыққанды болмайды. Тек әйелдер мен ерлер, мемлекет пен бизнес, ғылым мен қоғам бірлесе әрекет еткенде ғана біз болашақ энергетиканы – таза, қолжетімді және инклюзивті ете аламыз.

Бүгінгі біздің бірлескен әрекетіміз энергетика тек экономика үшін емес, табиғатты сақтау, әлеуметтік әділеттілік пен келешек ұрпақтың игілігі үшін де жұмыс істейтін жаңа кезеңнің бастамасы болсын!

Назарларыңызға рахмет және осы маңызды тақырыпқа үн қосуға мүмкіндік бергендеріңіз үшін алғысымды білдіремін!

environment where talented women can fully realize their potential.

Dear colleagues, green energy is the key to preserving our planet and building a sustainable future. But this transition will be incomplete without the active participation of women. Only by uniting the efforts of women and men, governments and businesses, science and society, can we build the energy system of the future – clean, accessible, and inclusive.

Let our collective action mark the beginning of a new era – one where the energy sector serves not only the economy, but also the preservation of nature, social justice, and the well-being of future generations.

Thank you for your attention and for the opportunity to contribute to this important global dialogue about the future of our planet.



Рябых
Александра Владимировна,
«Атом саласындағы
әйелдер бірлестігі»
қорының Басшысы



Ryabykh
Alexandra Vladimirovna,
Foundation "Association of
Women of the Nuclear
Industry", Head



Қайырлы күн, құрметті форум қатысушылары, қадірлі әріптестер мен серіктестер!

Ең алдымен, **«KAZENERGY» Қауымдастығының атқарушы директоры, құрметті Ләззат Ахмурзина ханымға алғысымды білдіргім келеді.** Біздің ұзақ жылғы әріптестігіміз өзара құрмет пен әйелдердің кәсіби күн тәртібін дамытуға деген ортақ ұмтылысқа негізделген.

Бүгінде Орталық Азия елдері мен Ресей әйелдердің экономикаға қатысуын өсу нүктесі ретінде қарастырып отыр. Қазақстанда 2016 жылдан бастап 2030 жылға дейінгі Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы жүзеге асырылып жатыр, онда нақты шаралар мен

Good afternoon, distinguished forum participants, dear colleagues and partners!

First and foremost, I would like to express **my sincere gratitude to the esteemed Lyazzat Akhmurzina, Executive Director of the KAZENERGY Association.** I deeply value our long-standing partnership, built on mutual respect and a shared commitment to advancing the professional agenda for women.

Today, we can clearly see that the countries of Central Asia and Russia view women's participation in the economy as a key driver of growth. In Kazakhstan, since 2016, the Concept of Family and Gender Policy until 2030 has been implemented,



ҚАЗАҚСТАНДА 2016 ЖЫЛДАН БАСТАП 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР, ОНДА НАҚТЫ ШАРАЛАР МЕН ИНДИКАТОРЛАР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. СОНЫМЕН ҚАТАР, 2024 ЖЫЛДАН БАСТАП ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ТARTU ЖӨНІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНҒАН



IN KAZAKHSTAN, SINCE 2016, THE CONCEPT OF FAMILY AND GENDER POLICY UNTIL 2030 HAS BEEN IMPLEMENTED, PROVIDING CONCRETE MEASURES AND INDICATORS TO ASSESS PROGRESS. FURTHERMORE, SINCE 2024, THE ACTION PLAN TO EXPAND ECONOMIC OPPORTUNITIES FOR WOMEN AND INCREASE THEIR EMPLOYMENT HAS BEEN IN FORCE



индикаторлар қарастырылған. Сонымен қатар, 2024 жылдан бастап әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту және жұмыспен қамтуға тарту жөніндегі іс-қимыл жоспары қолға алынған.

Қазақстанда қабылданып жатқан кешенді шаралар елеулі нәтижелер беруде: мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі — 55,6%, кәсіпкерлікте — 53%, энергетика саласындағы әйелдер — шамамен 25%.

Ресейде де 2030 жылға дейінгі әйелдердің мүддесі үшін әрекет ету жөніндегі ұлттық стратегия жүзеге асырылып жатыр. **Бұл стратегия: әйелдер қауымдастықтарын, білім беру бағдарламаларын, корпоративтік қолдау жүйесін дамытуды, STEM бағытында білім алуға қолжетімділікті кеңейтуді көздейді.** Маңызды жетістік — әйелдерге тыйым салынған мамандықтар тізімінің 456-дан 100-ге дейін қысқаруы. Бұл электропойыз машинисі, тракторист, авиамеханик, автослесарь және басқа да мамандықтарға жол ашты.

Бұл көрсеткіштер әйелдердің бизнес, ғылым, IT, өнеркәсіп, креативті және «жасыл» инновациялар салаларындағы маңызды рөлін дәлелдейді. Сонымен қатар, олар мемлекеттік және

providing concrete measures and indicators to assess progress. Furthermore, since 2024, the Action Plan to Expand Economic Opportunities for Women and Increase Their Employment has been in force.

These efforts have already produced impressive results: women now account for 55.6% of the civil service, 53% of entrepreneurs, and approximately 25% of the total workforce in the energy sector.

